



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі, Алматы, 2005
2. Әмеди Хасенов. Тіл білімі (Толықтырылып, екінші рет басылуы), Алматы, 1996
3. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов, Москва, 1966
4. Мусабаев Ғ. Г. Современный казахский язык: лексика, Алматы, 1959

УДК 347.78.034

СИМВОЛ СӨЗДЕРДІҢ АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ҚОЛДАНЫСЫ МЕН АУДАРМАСЫ

Тлеухорова Асель Ерболатовна

tleuhorovasel@mail.ru

Студент кафедры общего языкознания и теории перевода Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумелева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Б.Н.Сулейменова

Тіл таңбалар жүйесі ғана емес, ол осы жүйені көмкерген мәдениет. Сондықтан да ол әр халықтың ұлы мұрасы, ұлттың тарихи жетістігі. Мәдениет бір жағынан ұрпақтан-ұрпаққа жеткен мәтіндер болса, екінші жағынан ұрпақтан-ұрпаққа жеткен символдар.

Символдың тіл мен мәдениет сабақтастығында зерттелу жайына шолу жасай келе, символды әр ұлт мәдениетіне тән ерекше құбылыс ретінде қарастыру әлі де толыққанды сипатта емес деген қорытындыға келуге болады, яғни тіл білімі мен аударматанудың өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. Сондықтан бұл бағыттағы зерттеу жұмыстарының болашағы зор. Мұның өзі символдың күрделі табиғатын жан-жақты және терең зерттеуге мүмкіндік жасайды.

Қазақ және ағылшын тілдерінде символды ұлт мәдениетіне қатысты тілдік таңба ретінде қарастырылады. Символ – адам санасының дамуымен байланысты, дүниетанымның тереңдеуінің нәтижесі болып табылатын ерекше құбылыс. Символ – бұл екі типтес тілде әмбебап категория, сондықтан символ табиғатын ашуда бір ғана ғылым саласының жетістігіне сүйену жеткіліксіз. Символ сезім арқылы танылатын нәрсе болғандықтан, интуитивті түрде ғана танылатын белгілі бір идеяны арқалайды. Символды белгілі мәтіннен интуитивті түрде алынған контекст ретінде қарастырамыз. Ал контекстің әр түрлілігі символға көпмағыналық сипат береді. Символ белгілі бір тілдік жүйе ретінде ғаламның тілдік бейнесін танытады. Сонымен қатар, қазақ және ағылшын тілдерінде символға тән өзіндік сипаты – уәжділік, архетиптілік, образдылық.

Мәселен, символдың белгісі оның – образдылығы. Образ тек көркем шығармада орын алмайды. Оған тіліміздегі жеке образдар дәлел. Бұл жеке образдар – бейонимдену процесінің нәтижесі. Жиынтық образға айналған аңыз кейіпкерлері мен өмірде болған тұлғалардың есімдері жатады: Асан қайғы, Алдар көсе, Жиренше шешен, Қожанасыр, Қарабай, Қодар, Қозы Көрпеш Баян сұлу, Жібек пен Төлеген т.б. Бұл жиынтық образдардың символдық жағын ашу үшін тілдік деректермен бірге этнографиялық, фольклорлық және тарихи мәліметтерге сүйенуіміз қажет. Мәселен, Алдар көсе аты „қу, айлакер, тапқырлық”, Қорқыт аты „өміршендік, өлместік”, Атымтай „жомарттық”, Асан қайғы „сары уайым, қайғы”, Қозы Көрпеш Баян сұлу есімдері „махаббат, сүйіспеншілік”, Жиренше „жезтаңдай шешен” ұғымдарымен астасып, осылардың символы болып табылады.

Сонымен қатар символдық мағына адам танымының тереңдеуімен, ұлттың мәдени-тарихи өмірімен тығыз байланысты. Мәселен, «жусан» сөзінің символдық мағынасын қарастырылды. Жусан – қазақ халқы үшін қасиетті шөптердің бірі. Халық өлеңінде Жусан иісі аңқыған ауылымды сағындым” деген жолдар халық үшін ауыл мен жусанның иісі бар, егіз ұғымдар екенін көрсетеді. М.Әуезов айтқандай, жусан – қазақтар туған жерді, Отанды бейнелейді. Жаңа туған нәрестені жусан шөбі – тұндырылған сумен жуындырады. Осыдан

кейін жусан иісі сәбидің қаны мен жанына мәңгілік сіңіп қалады. Сондықтан ол оның иісін иіскеп танып қоймай, көріп те таниды. Өйткені көшпенді үшін жусан шөбі әдемі ғана емес, әсем. Жусан ұлттық рухпен рухтанған және Отанның бейнесімен, даланың келбетімен байланысты болып келеді. Жусан туралы аңыздар көп, соның бірі Отан еске алған Артық ханмен Сұлтан Бейбарыс есімдерін атаса да жеткілікті”. Артық ханның даласына қайтып оралу сапары Жылнамалық аңыздарда сақталған. Оның ағасы Сырдан інісі Артыққа көп жылдан бері мекен болған Кавказға шауып келеді. Елге орал деген ақылына көнбейді. Тағаты таусылған ағасы қойнынан бір уыс дала шөбін алып шығарады, жусан иісі Артықты атқа мінгізеді”.

Жалпы дала перзенті үшін жусан қасиетті, киелі шөптердің бірі саналады. Алыс сапарға аттанарда, жорыққа шығарда ер азамат жусанның бір шоғын бойынан тастамай жақсылыққа сайып, ырымдап еліне аман-есен оралуына жер даласының бір бөлшегі тілекші болсын деп ала кетеді. Жусанның қазақ үшін ерекше қасиеттілігін поляк суретшісі Б.Залесский де көрсетеді: „Даланың өзінің өсімдіктер дүниесі, өзінің жануарлар әлемі бар. Алдымен, жусанның он бестей түрі. Қазақтар оның бәріне жеке-жеке атау беріп қойған және де дала қариаларының бәрі де білгір ботаниктер десе болғандай. Бұл далаға жусанның көп өсетіні соншалық – ауаның өзі кермек татиды. Мынадай бір аңыз бар: ”Бір жігіт ойда жоқта басқа бір жерді көреді де өз мекенін, ағайын – жұртын ұмытып, сол жерден қайтпай қалады. Туысқандарды жіберген кісілер келіп, оған өз жерінен артық жердің жоқ екенін қанша айтқанмен, ол сөз тыңдар болмайды. Қырсығып жаңа мекеннен кеткісі келмейді. Тіпті туған жерінен торсыққа құйып әкелген қымыз да оның жүрегін жібітпей қойса керек. Келген кісілер сөздері өтпей амалдары таусылған соң, еріксіз қайтпақ болады. Сол кезде олардың ішіндегі біреуі қоржыннан жігіттің туған жерінің бір жіліншік жусанын алып келеді. Бағанадан айтқан қанша сөз, арнайы алып келген қымыз еш әсер етпей қойған жігіт туған даласының жусан иісін иіскеуі мұң екен бүкіл ел жұрты, өткен өмірі есіне түсіп, қолқа жүрегі аунап түскендей болады. Сол сәтте өз туған жерінен артық жерұйықтың жоқтығына көзі жеткен ол жаңа мекендегі барлық тәтті тіршілігін тәрк етіп, алды-артына қарамай аулына беттеген екен” [3,131]. Бұл аңыз да жусан, жусанның иісі туған жер екенін нақтылай түседі. Ал ағылшын халқы үшін Отанның символы – қайың.

Жусанның халықтық көзқарастары болмысын қазақ ақын – жазушылары да жалғастыра түседі. Мәселен, талантты ақын Мұқағали:

Қар қаланың тастап қызыл-жасылын

Сар даланың аңсап жусан-сасырын

Қайтуым хақ бір күн қоңыр іңірде,

Қар қаладан басып шығып жасырын.

Немесе:

Саған таныс адыр, қырқа, беттегі,

Жыңғыл, жусан, тобылғылар көктеді.

Раққатта іші-сырты ауылдың,

Қуантсаңшы сен де, сәулем, көп мені.

деп туған жер – қазақ ауылының табиғатын оның сұлулығын көзге ерекше түсе қоймайтын – жыңғыл, жусан, тобылғылардың көктеуімен бедерлейді. Мұның өзі қазақ үшін көркемдіктің шыңы, өйткені туған ауылды жусанның иісінсіз елестету мүмкін емес. «Жусан» сөзінің концепт ретіндегі мағынасы - „туған жер”, „алтын бесік”, „ен жазира”, „адырлы алқап”, „көк майса дала”, „таулы өлке”, „қыратты бел”, „жүйрік ат”, „ән мен күй”, „той-думан”, „қойлы ауыл” т.т. Басқа ұлт үшін, әрине, жусанның мұндайлық ассоциация туғызуы мүмкін емес. Осының негізінде ұлттық түсінік, ұлттық сана-сезім, ұлттық ойлай жатқандығы анық. Және де жусан дегенде біз бұрынғы ата-бабаларымыздың көзімен қарап, көңілімен санасамыз. Осы ретте Кондратовтың: „Тіл бізді қоршаған ғалам жөнінде хабар беріп қана қоймай, сондай-ақ оны модельдендіріп, белгілі бір сөз немесе оралым, мәтін, ең соңында ұлттық тіл призмасы арқылы кесіп өтеді” [4,208], – деген пікірімен келеді.

Демек, халық өзін қоршаған әр дүниеге ой көзімен, ұлттық түйсікпен қарап, көңіліне

түйіп, модельдендіріруге бейім келген. Символдық мәнге ие сөздердің табиғаты ерекше. Өйткені сөз-символдар танымдық, ұлттық мәдени, фондық мағыналарға ие бола отырып, әр халықтың дүниені түйсінудімен тығыз байланысты болып келеді. Яғни, атауыш мағынадағы сөз нақтылыққа, даралыққа ие болса, символдық мағынадағы сөз жалпылыққа, біртұтастыққа ие. Осы қасиеті арқылы ол дүниені біртұтастыққа байланыстырып, көз алдына бүтін сурет бейнесін елестетеді.

Алайда мен өз зерттеу мақсатыма орай жеке тұлғаның еркіне қарай емес, символды халықтық көзқараспен, таныммен бірлікте қарайтын тілге қатысты жағынан символдарды тәртіпке келтіруге болады дейтін А.А.Потебня пікірін қуаттаймын.[4, 243-6]

Екі типтес тілдердің символикасын зерттей келе, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын қарастырдым. Әлбетте, бұл қыруар жұмысты талап етеді. Сондықтан берілген жұмыста екі тілдегі сын есімдердің, яғни ағылшын және қазақ тілдеріндегі түстер символикасы қарастырылады. Түстерді символ ретінде қолдану көптеген халықтарда байқалып келеді. Дегенмен, әрбір халықтың өзіндік мәдениеті, ұлттық құндылықтары, наным сенімдері, дәстүрлері, тіпті өмірге деген көзқарастары әр түрлі болғандықтан, түр түстердің символикасы да әр халықта өзгеше мағынаны ашады.

Түстердің символикасы негізінде символдық мағынаның семантикалық микрожүйесі құрылған. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі сын есімдердің, яғни түстердің мынадай символдық мағынадағы микрожүйелер:

- «жақсы» - ақ, «жаман»-қара;
- «рұқсат» - жасыл немесе көк, «ескерту» - сары, «тыйым» - қызыл;
- «революциялық» - қызыл, «контрреволюциялық» - ақ;
- «жұмсақ, әлсіз, қуанышты» - қызғылт, «тыныш» - көгілдір.

Көптеген халықтарда ақ пен қара түске деген көзқарастары бірдей. Яғни, ақ түс күндіздің белгісі, қара түс түннің белгісі, осыдан келе ақ жақсылықпен, ал қара зұлымдықпен байланысты болып келеді. Ақ түс-бейбітшіліктің символы (ақ көгершін, ақ ту, white dove, white flag), сонымен қатар ақ түс тазалықтың, күнәсіздіктің, адалдықтың символы. Мысалы, дүниежүзіндегі барлық діни қызметкерлер ақ түсті киімді киеді, яғни киелілікті, ойдың тазалығын білдіреді. Қазақ ертегі фольклорында және басқа да түркітілдес халықтардың фольклорында ақ түс, яғни күннің, жарқын әлемнің, жарықтың символы [2,17-276]. Мысалы, қазақ тіліндегі «таза», «ұқыпты» сын есімдерді «ақ» деген сөзбен алмастыруға болады. Мәселен, «ақ киіз үй», «ақ көңіл»; ал ағылшын тілінде «сүйікті», «бақытты» (white boy-a person who is favoured, white headed boy- a favourite, white son- a favourite son); «жазықсыз», «зиянсыз» (a white lie- a harmless minor untruth, white war- war without bloodshed).

Қара түс жамандықпен байланысты деп, екі халықта да осы сенімді қуаттайды: «қара ой»-ауыр, күншіл ой, «қара әрекет»- жаман іс-әрекет, қылмыс, «қара жан»- адамның алдамшы, төмен істерге қабілетті адам; «a black look»-a threatening look, «black humour»-humour that presents tragedy or harsh reality in comic terms, «black in the face»-with the face discoloured with extreme anger.

Барлық мәдениеттер «қара» түсті қайғы, өлім, бақытсыздықпен байланыстырады. Мысалы, адамды жерлеуге барғанда, қара киім кию міндетті, мәселен, ашық түсті киім киген жағдайда, қайтыс болған адамның жанында қызғаныш туады, деген сенім бар.

Жасыл (көк) түс тек «рұқсатты» білдірмейді, сонымен қатар қазақ және ағылшын тілінде де «жастықты», «момындықты», «өмір қуанышын» символдайды («көк шөп шыға бастады» т.б.); to see green in someone's eyes -to think someone is naive, green horn -a person who lacks experience or sophistication).

Сары түс екі тілде де ауруды символдайды. Мысалы, ертеде Англияда эпидемиялық ауру кезінде, адамдарды кемеге артып, сары түсті туды (the yellow Jack) желбіретіп қойған. Содан бері, «сары безгек», «сары ауру» деген терминдер медицинада пайдалана бастады. Негізі қазақ және ағылшын халықтарында «сары» сын есімі: «нашар», «мұңды» (сары уайым) деген сөздерді символдайды. Сонымен қатар, «the yellow press» сары баспасөз деген термин пайда болды. «Саржағал баспасөз» сенсациялық, көбіне тексерілмеген фактілерге құмар

антипатриоттық, суайт баспасөздерді атайды.

Соңғы микрожүйе «көгілдір» түс- «алаңсыз», «тыныштық» , яғни «көгілдір аспанды» символдайды. Мысалы, Қазақстан Республикасының туының түсі көк көгілдір, бұл төбедегі бұлтсыз ашық аспанның биік күмбезін елестетеді және Қазақстан халқының бірлік, ынтымақ жолына адалдығын аңғартады. Бұлтсыз көк аспан барлық халықтарда әрқашан да бейбітшіліктің, тыныштық пен жақсылықтың нышаны болған. Ежелгі түркі тілінде «көк, көгілдір» сөзі аспан деген ұғымды білдіреді. Көк түс түркітілдес халықтары үшін қасиетті ұғым. Дегенмен, ағылшын мәдениетінде «көк, көгілдір» сөзі «тыныштық» мағынасына теріс келеді. Ағылшын тілінде «көгілдір» сөзімен көптеген жағымсыз тұрақты тіркестер бар. Blue: «мұңайған, көңіл күйі жоқ» деген мағынаны символдайтын (in a blue mood -in low spirits, to feel blue -to feel depressed or melancholy, blue devils-depression of the spirits); «дөрекі, әдепсіз» (the air was blue -a lot of bad or violent language was used).

Осылайша, «түстер» адам өмірін қоршаған әлемге деген белгілі бір ассоциациялық көзқарасты туғызуға басты рөл атқарады. «Түстердің» ассоциациясын олардың кез келген тілдерде қолданатын тұрақты тіркестер арқылы байқауға болады(түр түстері бар тұрақты тіркестер), себебі олар ертеден бері қолданып келген, яғни тұрақтанған, сондай-ақ лексикалық мағынасы тұрақты, әрі ажырамас бөлік ретінде болғандықтан.

Қорыта айтқанда, символдық мағынаның қазақ және ағылшын тілдерінде берілу тәсілдерін қарастыру барысында халықтық терең дүниетаным, түсінікті, ұлттық сана мен парасат-пайымды, эстетикалық көзқарас пен адамгершілік құндылықтарды тануға болады.

Қолданылған әдебиет

1. Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы, 1977.- 157 б.
2. Алимпиева Р. В. Семантическая структура слова «белый» // Вопросы семантики. Вып. 2. Л., 1976. С. 17–27
3. Залесский Б. Қазақ сахарасына саяхат. – Алматы: Өнер, 1995. – 131 бет.
4. Кондратов А.М. Звуки и знаки. – Москва: Знание, 1978. – 208 стр.
5. Bennett T. J. A. Aspects of English Colour Collocations and Idioms. Heidelberg, 1988.
6. Потебня А.А. О некоторых символах в словянской народной поэзии. – Харьков:Мирный труд, 1914. – 243 стр.
7. The Dictionary of Phrase and Fable by E. Cobham Brewer. L., 1971.

УДК 651.926

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ТЕРМИН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Токтаубаева Сандугаш Сержановна

koperbaeva_sandugash@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Л.Б. Киманова

Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ)– арнайы ақпараттың көмегімен, кез келген тұлғаларға әр түрлі мәліметтерді ашық жариялауға арналған әлеуметтік мекемелер. Қоғамның өмір сүруін қамтамасыз етудегі бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы зор.

Бұқаралық ақпарат құралдары төртінші билік болып табылатыны мәлім. Бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі адам бостандығының маңызды алғы шарты болып табылады,яғни қоғам мен мемлекеттегі жоғарғы құндылық болып саналады. Себебі, бұқаралық ақпарат еркіндігінсіз, яғни сөз еркіндігісіз азаматтық қоғамды елестету мүмкін